

¹Абдукаримова Г.А.,* ¹Шойбекова А.А., ²Рамазонов Н.Н.

¹филолог. ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

¹филолог. ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚУ. Шымкент, Қазақстан

²филолог. ғ. PhD, Ташкент мемлекеттік заң университеті. Ташкент, Өзбекстан

ФОТОГРАФИЯ ТАРИХЫ МЕН ОНЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Автор – корреспондент: china_gulzhan@mail.ru

Түйін: «Фотография» сөзі көне грек тіліндегі «жарық» және «жазамын» сөздерінен шыққан. Басқаша айтқанда, бұл жарық сезінгіш материалдар - фотопенка мен матрицаға жарықтың ықпал етуі кезінде бейне алу мүмкіндігі.

XXI ғасырда фотография ақиқатты бейнелеудің барынша қолжетімді және тиімді тәсілі болды, жай адамдардың өзі де әжептеуір түсірілім жасай алатын болды. Уақыт өте келе фотография өнердік ерекше бір түріне айналды. Ол арқылы біз ғаламшардың кез-келген нүктесіне визуальды көз тоқтатып, оның әсемдігін көріп, қайталанбас сұлулығына шабыттанып, әралуандығы мен жарқын түсті бояуларынан ләззат ала алатын болдық.

Фотография (грек тілінен аударғанда «фото - жарық, граф - сурет саламын, жазамын») - жарықпен сурет салу, жарық жазбасы – бірден ашылған жоқ және оны бір ғана адам ашты дей алмаймыз. Бұл өнертабысқа әлемнің әралуан елдеріндегі көптеген ғалымдар өз үлестерін қоса білді.

Адамдар бұрынғы замандардан бері суретшінің ұзақ уақыттық және тынымсыз еңбегін қажет етпейтіндей бейне алу тәсілін табуға ұмтыла бастады. Сондықтан біз осы мақалада әлемнің көптеген ғалымдарының фотография саласының дамуына қосқан еңбектерін талқылауға және фотография ісінің даму кезеңдерін айқындауға тырыстық.

Кілт сөздер: фотография, фото тарихы, дереккөз, бейнелер өндірісі идеологиясы

Кіріспе. Қазіргі заманауи әлемде фотосуреттер күнделікті өмірдің әдеттегі және міндетті бөлігі болып кеткені соншалықты, біз оның бар екендігін және ықпалын мүлдем байқай бермейміз, дегенмен бұл әлеуметтік-мәдени феномен айрықша назар аудару мен қарастыруды талап етеді. Зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, кітап оқу мәдениеті экран мәдениетіне ауыса бастады, көзбен көріп бағаланатын мұраларды интерпретациялау жаңа деңгейге көтерілуде, ал антропологтар әлі де болса күнделікті өмірдің микроконтекстерін, көзбен көретін бейнелер өндірісі идеологиясы мен тәсілдерін қарастыруға ұмтылу үстінде.

1839 жылы, Француз академиясында Дагер өнертабысы жөнінде ресми жариялау кезінде, адамдардың өмірін визуалдаудың басталу нүктесі болғандығы сөзсіз. Әлем бірте-бірте графикалы бейнелене бастады және әлеуетті мүмкін кадрлар өзегі болып көріне бастады. Өмірлік кеңістікті игерудің өзіндік тәжірибесі, өзінді басқаларға және әлемге ұсыну мен өзінді-өзің анықтау әрекеттері көне фотокарточкалардың ақ-қара кеңістігінде өз бейнесін тапты: бет бейнесі, костюмдер, бағдарлар, сұлбалар өткен ғасырда өмір сүрген адамдардың рухын айқын сақтай білді. Осындай ерекше айғақтар, өткен замандардың өзіндік үлгідегі «хаттары» жеке адамның, жанұяның не болмаса адамдар тобының күнделікті мүдделері мен тіршіліктерінің, ойлары мен сезімдерінің «кішігірім өмірлік әлемге» жүгінуі іспеттес болып табылады [1, 8 б.].

Теориялық талдау. Адамдар өміріндегі фотографиялық тәжірибенің рөлі артуымен қатар, қоршаған әлеммен өзара әрекеттестік тәжірибесі ретіндегі фотосуретке түсіру мәні де ұлғая түсті. Адам фотосуреттер көмегімен жеке тарихын құрастыру мен өзіндік айырмашылығын қалыптастыру арқылы әлемдік бағдарлардың жаңа түрлерімен танысып отырды. Фотосуреттерді қарастырудың өзектілігі көптеген ойтолғаулар мен оның мәнін ұғынуға қол жеткізу әрекеттері жүзеге асырылғандығына қарамастан, фотография қазіргі уақытқа дейін жеткілікті қарастырылмаған феномен күйінде қалуда. 1839 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін сегіз-тоғыз ұрпақ өмірі жалғасуда, олардың визуальды тәжірибесіне фотосуреттер де енеді, әрі олар фотосуреттерге түрліше көзқараста болатын.

Қазіргі өмірімізді фотосуреттерсіз елестету мүмкін емес, сонымен қатар, адам өзін қоршаған визуальды бейнелерге барынша қаныға өмір сүреді. Күнделікті өмірімізбен ажырамастай тығыздықта өрілген фотосуреттер өз заңдылықтарымен сәйкестіктегі шынайылықты ұйымдастырады. Осыған байланысты визуальды бейнелерді қарастыру тақырыбы, оның қызметі ету мәні мен механизмдері айрықша мәнерге ие болады. Практиктер мен теоретиктер, фотографтар мен философтар, мәдениеттанушылар, визуальды социологтар мен антропологтар ойлау және көркем шығармашылық үшін шабыт алу мақсатында фотосуреттерге жүгініп, тақырып әрқырлылығы мен тереңдігін аңғарып отырды. Мәдени-тарихи мәнімен қатар, фотосуреттерді ойша талдау тәсілдері, оны қарастыру ракурстері де өзгеріп отырды.

Осы зерттеу жұмысының хронологиялық шеңберлері, бір жағынан, визуальды ақпаратты белгілеудің жаңа түрін ойлап тапқан жылмен де байланысты болды: 1839 жылы Л.Ж.М.Дагердің фотографияны ашқандығы жөніндегі (анығында «дагерротипия» деген атау алған күміс пластинасындағы бейнелерді репликациялауға жол бермейтін алу тәсілін ашқандығы жөніндегі) ресми рапорты Француз ғылым академиясына берілді және бұл фотосуретке түсіру [2,5 б.] тәжірибесінің басталу кезеңі болып табылады, екінші жағынан, біздің пікіріміз бойынша, 1920 жылдарға дейінгі кезеңді қамтиды. «Осыдан кейін (баяндамадан) бар болғаны бір сағат өткеннен кейін париждік оптикалық дүкендерге көптеген жаңадан пайда болған дагерротипистер орналастырылды, және барлық оптикалық приборлар сатып алынды. Фотосуреттерді ойлап табу жөніндегі мағлұматтар Еуропада жылдам таралды және Ресей Империясына дейін жетті. Осылайша, әралуан елдердегі фотография ісінің тарихы шамамен бір мезгілде пайда болды [3, 29 б.].

Зерттеу нысаны ретінде фотосуреттерге қызығушылық тек XX ғасырда ғана туындай бастады, бұл уақытша дистанцияның туындауымен және әлемге бағытталудың жаңа тәсілдерін ойша қорыту қажеттілігімен байланысты болды. XX ғасырдың бірінші жартысында фотосуреттерді қарастыруда өнертанушылық тәсіл басым сипат алды, ол көркемдік тәжірибе ерекшелігіне, фотография жасау әдістері мен жанрларына қызығу саласын шектеп отырды. Фотографияға ғылыми тұрғыдан келу фотография ісі тарихын қарастыруға, фотобейнелерді алу үдерісінің техникалық сипаттамаларын зерттеуге алып келді. Ғасырдың орта шамасынан бастап гуманитарлық ғылымдарда болған өзгерістерге байланысты фотография ісінің мәдени аспектілерін зерттеуге өту белгіленді. Шет елдік зерттеушілер адам өміріне визуальды бейнелердің ықпалына және қарым-қатынас тәсілі ретіндегі (В. Флюссер), тілдің де таңбалық жүйесі ретіндегі (Р. Барт), әлеуметтік тәжірибе ретіндегі (П. Бурдьё) фотография феноменінің қарастырылмаған аспектілеріне назар аударып бастады. Бейне құрылымын, оның мәдениеттегі қызмет етуі мен мәнін қарастыру қажеттігі жөніндегі шет елдік зерттеушілердің ой-пікірлері XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басындағы отандық визуальды антропологтардың еңбектерінде де талданып, қорытылды, дамытылды [4, 77 б.].

Мәселен, Е.Р.Ярской-Смирнова мен П.В.Романовалардың редакторлық жетекшілігімен шыққан екі мақалалар жинағында фотографиялық бейнелеу тілін ұғынудың жалпы мәселелері мен оны түсінуге, құрылымына арналған жұмыстар жарияланған болатын. Фотографияны ұғынудағы өзгерістер мәдениеттанушылық талдау тұрғысынан фотосурет тарихын дәстүрлі мазмұндауды қайта қарастыруға мүмкіндік берді.

Бірте-бірте зерттеушілер осы әлеуметтік-мәдени феноменді қарастырудың барлық жаңа қырларын ашып көрсетті, өйткені фотосуреттер - бұл адам қабылдайтын және талдауға тиісті іс-әрекетінің (ақпараттар арнасы, визуальды бейне, құжат) ізі ғана емес, сонымен қатар, адамның әлемді және ондағы өзінің орнын қалай қабылдайтындығымен, яғни жаңа визуальды тәжірибемен қалыптасқан көру сипаты да болмақ. Қазіргі әлемде жанұялық фотосуреттердің этнологиялық дереккөз ретіндегі әлеуеті жеткілікті қарастырылмаған, дегенмен жыл өткен сайын осы тақырыпқа арналған отандық авторлардың мақалалары мен монографиялары, сондай-ақ фотография феноменін зерттеген маңызды шет елдік еңбектердің аудармалары арқылы барынша ауқымды

жеткілікті назар аударылып жатқаны байқалуда. Фотосуретті отандық зерттеушілердің тәсілдерінің ерекшелігі - олардың шет елдік әріптестерінің теоретикалық ұстанымдарына сүйене отырып, біздің еліміздің визуальды мұраларын зерттеуге тартатындығы мен осы материалдар негізінде бірнеше бағыттар даярлайтындығынан тұрады, атап айтқанда: фотосурет феноменін кешенді зерттеу (әлеуметтік тәжірибе тарихы, оның адам өміріндегі рөлі мен ықпалы), сипаттамалық ерекшеліктерін белгілеу және төңкеріске дейінгі дәуірдегі, кеңестік кезең мен қазіргі уақыттағы фотосуреттерді қарастыру, және ақыр аяғында, жанұялық фотосуреттерді жеке жанр ретінде айқындау және адами әлем бейнесін қалыптастырудағы оның рөлін қарастыру [5, 66 б.].

Оның үстіне, фотосуреттерді этнографиялық дереккөз ретінде қарастыратын жекелеген жұмыстар да пайда болуда [6].

Жанұялық фотосуреттерге келетін болсақ, онда бұл тақырып отандық әдебиеттерде барынша аз қарастырылған болатын.

Қазірдің өзінде бір жарым ғасырдан астам уақыт бойына фотокамералар әлемді жан-жағынан бақылауға алуға, дегенмен фотографияны бақылау әзірге қарапайым. Осы мақаланың мақсаты фотосуреттерді қарастыру историографиясын зерттеу және белгіленген кезеңдегі жекелеген типтік жанұялық фотосуреттерді талдау болып табылады. Бұл кезеңде енді фотосуреттермен байланысты қарастырылған оқиғаларды анықтау, осы тақырыпты қарастырудағы негізгі бағыттарды белгілей отырып, ала-құла ауқымды жұмыстарды тұтастыққа біріктіру, жеткілікті зерттелмегендігімен ерекшеленетін мәселелерді белгілеу қажет. Осылардың барлығының негізінде жанұялық фотосуреттерді этнологиялық дереккөз ретінде пайдалану мүмкіндігін бағдарлау қажет.

Қазіргі уақытта фотосуреттерді дереккөз ретінде (әсіресе, жанұялық) қарастыру мәселесінің историографиясы бойынша талдап қорытатын еңбектер жоқтың қасы екендігін атап өту қажет. Бұл жұмыс іс жүзінде фотосуреттерді қарастыру бойынша қазіргі уақытта бар еңбектерді историографиялық талдаудың алғашқы тәжірибесі ретінде көрінеді. Мақсатқа қол жеткізу үшін мына сұрақтарға жауап беру арқылы шешімі табылатын бірқатар өзара байланысты міндеттерді шешу қажет болады: Фотосуреттерді қарастыру тарихы қандай? Неліктен бұрын фотосуреттер дереккөз ретінде аз және сирек қолданылды? Дереккөз ретіндегі жанұялық фотосуреттердің ерекшелігі неде? Өткен замандардың осы визуальды «айғақтары» арқылы не білуге болады? [7, 23 б.].

Осы мақаланың әдіснамалық негізін таңдау кешенді тәсілмен және көркем мәдениеттің айрықша түрі ретіндегі фотосуреттерді қарастырудағы тарихи-функционалдық, герменевтикалық, феноменологиялық, құрылымдық-семиотикалық әдістерді пайдаланумен байланысты. Бейнелерді талдау үшін дескрептивті әдіс пайдаланылды, сондай-ақ салыстырмалы және жүйелік талдау әдістері, феномендерді мәдениеттанушылық сипаттау әдісі пайдаланылды.

Қорытынды. Сонымен, зерттеу нысаны әлеуметтік-мәдени тарихи шындық, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы жанұялар әлемі болса, зерттеу пәні көрсетілген мерзімдегі жанұялық фотосуреттер болды. Зерттеу пәні ретінде жанұялық фотосуреттерді таңдау жанұя өміріндегі елеулі кезеңдерді белгілеу, есте қалдыру мақсатында жасалған осындай визуальды айғақтар жанұя бейнесінің сыртқы сипаттамаларын ғана емес, өзін-өзі таныту техникасын да, іс-әрекет үлгілері мен аңсаған идеалдарды да қарастыруға мүмкіндік береді. Фотосуреттердегі жанұялар әлемі – бұл әлемге фотоаппарат объективі арқылы көз тастаған және камера алдында тұрып, өзіндік жеке айырмашылығын саналы түрде қалыптастырған және жанұя тарихы фотохроникасын жасаған адамдардың белгілі бір мезетті тоқтату билігін иелене отырып, құрастырылған әлеуметтік-мәдени шынайылығы. Оның үстіне, осы визуальды репрезентациялар қалқасында бейнеленген адамдардың өмір сүру қалпы, олардың ойлау стилі, күнделікті іс-әрекет кейпі, сондай-ақ, жанұяның бірігуі мен тұтастығының саналы мазмұндалған акценті, игілігі, кадр атмосферасымен және композициясымен баса көрсетілген жағдайы тұрады. Аксүйектік рухындағы стилистикалық тұтастыққа белгілі бағыттарды,

көзқарастар мен мәнерлерді, суретке түсетіндердің мерекелік киім үлгілерін (соншалықты мәнді кезең үшін ең үздік киімді таңдауға тырысқан) және интерьер-фонын таңдау көмегімен қол жеткізілді. Жеке фотосуреттердің болуы бастапқыда дворяндық тек өкілдерінің және ауқатты адамдардың прерогативі болды, сондықтан, осы өнертабыстың пайда болуымен бірге индивидтің әлемді қабылдауындағы өзгерістер жөнінде айта отырып, біз басым түрде белгілі бір мәртебе мен байлыққа ие адам турасында сөз етеміз.

Жанұялық фотосуреттерге, біздің көзқарасымызша, жеткілікті назар аударылмаған, бұл тақырып жанама түрде ғана қарастырылып, визуальды айғақтардың негізгі функцияларын ғана тілге тиек етеді. Бұл мақала жанұялық суреттерге кешенді тәсіл арқылы келетіндігімен ерекшеленеді. Автор осы феноменді алғаш рет егжей-тегжейлі және мақсатқа сай зерттейді. Ол төмендегі бағыттарда қарастырылады:

1. Әлеммен өзара әрекеттестік тәжірибесін байытатын фотографиялық тәжірибе;
2. Этнологиялық және этнодемографиялық сипаттағы дереккөз;
3. Көрудің жаңа сипаты, әлемде бағдарлану тәсілі, жанұя ішінде және және одан сырт жерде өз айырмашылығынды құрастыру.

Фотосуреттер тарихын қарастыра келе, мынадай тұжырымдар жасадық:

1. Жанұялық фотосурет - тарихпен, этнологиямен шектес демография, психология, мәдениеттану, философия және т.с.с. ғылымдар саласындағы кешенді тәсіл мен білімдерді талап ететін әртектес ақпараттар көзі.

2. Жанұялық фотосуреттерді талдау - көпдеңгейлі үдеріс, контентті ақпараттарды талдаудан бөлек (түсірілімнің мазмұндық бөлігі) жанұя өмірі үшін фотосуреттің осы түрінің мағынасы мен мәнділігін құрастырып алу - фотобейнелердің қызмет ету мәнін қалпына келтіру қажет.

3. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы жанұялық фотосуреттер белгілі бір дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін ғана емес (шерулік портреттегі тұтастай жанұяны түсіруге ұмтылу, күнделікті өмірдің жекелеген кезеңдерін немесе мерекенің «мезетін тоқтатуға» ұмтылу), сонымен қатар нақты суретке түсірілген жанұялардағы қарым-қатынастар (жанұялық топ мүшелері иерархиясы, психологиялық жақындық пен бөгіделенушілік, демографиялық құрамы және т.с.с.) ерекшеліктерін де сипаттауы тиіс.

4. Жанұялық фотосурет - көрсетілген кезеңдегі жанұялық қарым-қатынастар жөніндегі біздің ұғым-түсініктерімізді байытуға және кеңейтуге мүмкіндік беретін бірегей этнологиялық дереккөз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Круткин В., Романов П., Ярская-Смирнова Е. Визуальды антропологияның интеллектуалды өрісі // Визуальды антропология: әлеуметтік шындыққа жаңа көзқарас. Саратов, 2007. 8 б.

2. Гавришина О.В. «Өткен уақыт тәжірибесі»: заманауи тарих теориясындағы «бірегейлік» // Жарық империясы. Москва, 2011. 5 б.

3. Нуркова В.В. Жадыдағы айна: Фотосурет феномені: мәдени-тарихи талдау. Москва, 2006. 20 бб.

4. Михалкович В. Фотография: сөйлеуді меңгеру // Фотография: Поэтика мәселелері. М., 2011. 126 б.

5. Визуальды антропология: әлеуметтік шынайылыққа жаңа көзқарас. Саратов, 2007; Визуальды антропология: оптика құрастыру. Москва, 2009.

6. Толмачева Е.Б. Фотография этнографиялық дереккөз ретінде (РҒА Ұлы Петр (Кунсткамера) атындағы антропология және этнография Мұражайының фотоколлекциясы материалдары бойынша: Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін даярлаған диссертация авторефераты. СПб., 2011.

7. Круткин В. Фотографиялық тәжірибе және оның субъектілері // Визуальды антропология: әлеуметтік шынайылыққа жаңа көзқарас. С.44.

Аннотация: Слово «фотография» произошло от древнегреческих «свет» и «пишу». Иными словами, это получение изображения при воздействии света на светочувствительные материалы - фотопленку или матрицу. В XXI в. фотография стала доступным и эффективным способом отображения действительности, вполне приличные снимки может без труда сделать даже новичок. Со временем фотография превратилась в особый вид искусства. Благодаря ей мы можем визуально перенестись в любую точку планеты, увидеть ее красоту, восхититься неповторимостью, многообразием и яркими красками. Фотография (от греческих фото - свет, граф - рисую, пишу) - рисование светом, светопись - была открыта не сразу и не одним человеком. В это изобретение вложен труд ученых многих поколений разных стран мира.

Люди давно стремились найти способ получения изображений, который не требовал бы долгого и утомительного труда художника. Поэтому в этой статье мы старались осветить труды многочисленных ученых и определить этапы развития фотографического дела.

Ключевые слова: фотография, фотоистория, источник, идеология производства видео

Abstract: The word "photography" comes from the ancient Greek "light" and "write". In other words, this is the acquisition of an image by the action of light on light-sensitive materials - film or a matrix.

In the 21st century photography has become an accessible and effective way of reflecting reality; even a beginner can easily take decent pictures. Over time, photography has evolved into a special kind of art. Thanks to it, we can be visually transported to any part of the planet, see its beauty, admire its originality, diversity and bright colors.

Photography (from Greek photos - light, graph - I draw, write) - drawing with light, light painting - was not discovered immediately and not by one person. The work of scientists of many generations from different countries of the world has been invested in this invention.

People have long sought to find a way to obtain images that would not require long and tedious work of the artist. Therefore, in this article we tried to highlight the works of numerous scientists and determine the stages in the development of photography.

Keywords: photography, photo history, source, ideology of video production